



Астана қ.
2025 жылғы «27» қараша
№ 438

Астана қ.
2025 жылғы «24» қараша
№ 316

«Жасыл даму» АҚ

Астана қ.
2025 жылғы «28» қараша
№ 198-Н/Б

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді ұсыну бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторымен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 763 қаулысымен бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларының 7-тарауының 41-2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді ұсыну бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган) және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторымен өзара іс-қимыл жасау қағидалары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторымен бірлесіп, «E-agriculture» агроөнеркәсіптік кешен секторларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі» (ББАЖ) ақпараттық жүйесінде «Ауыл шаруашылығы техникасын мемлекеттік тіркеу» (АТМТ) кіші жүйесін «Кәдеге

жарату төлемдерінің түсімдерін есепке алу» автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен (app.recycle.kz) интеграциялау жөніндегі жобаны іске асырсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы заңнамада белгіленген тәртіппен, осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның интернет-ресурстарда орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін ауыл шаруашылығы және экология және табиғи ресурстар вице-министрлеріне, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының Басқарма төрағасына жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық оған осы бірлескен бұйрықтың 4-тармағында көрсетілген басшылардың соңғысы қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрінің міндетін атқарушы



Ж. Әлиев

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы



А. Сұлтанов

«Жасыл даму» АҚ
Басқарма Төрағасы

Е. Сәрсенбай



Бірлескен бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің м.а.

2025 жылғы «27» қараша № 438

Қазақстан Республикасы Экология

және табиғи ресурстар

министрінің м.а.

2025 жылғы «24» қараша № 316

және

«Жасыл даму» АҚ

Басқарма Төрағасының

2025 жылғы «28» қараша № 198-Н/к

бірлескен бұйрығымен бекітілген

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді ұсыну бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторымен өзара іс-қимыл жасау қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді ұсыну бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – АШМ) Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган) және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторымен өзара іс-қимыл жасау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) АШМ-ның Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 763 қаулысымен бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларының 7-тарауының 41-2, 42-2-тармақтарына сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын және бастапқы (мемлекеттік) тіркеуден өткен өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының әрбір бірлігі бөлінісінде мәліметтер ұсынуы бойынша өзара іс-қимыл тәртібін белгілейді.

2. Мәліметтер осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша ұсынылады.

2-тарау. Мәліметтерді ұсыну бойынша өзара іс-қимыл жасау тәртібі

3. Мәліметтерді ұсыну бойынша өзара іс-қимыл «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабына сәйкес «электрондық үкіметтің» сыртқы шлюзі (ЭҮСШ) арқылы ақпараттандыру объектілерін интеграциялау жолымен жүзеге асырылады.

Интеграция өзара іс-қимыл жасайтын мемлекеттік органдардың және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған Smart Bridge платформасында интеграциялау жөніндегі келісім шеңберінде сипатталған әдістерге сәйкес жүргізіледі.

4. АШМ өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы үшін кәдеге жарату төлемін дұрыс есептеуін, толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асыратын өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының қызметкерлеріне мәліметтерді тұрақты негізде, нақты уақыт режимінде беруді қамтамасыз етеді.

Мәліметтерді беру «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына, сондай-ақ «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 179/НҚ бұйрығымен бекітілген Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

3-тарау. Ұсынылатын мәліметтердің күпиялылығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету

5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы үшін кәдеге жарату төлемінің дұрыс есептелуін, толық және уақтылы аударылуын бақылауды жүзеге асыратын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкерлері алынған мәліметтерді

Қағидалар шеңберінде, Қазақстан Республикасының Экология кодексінде жүктелген міндеттерді орындау және функцияларды жүзеге асыру үшін ғана пайдалануды қамтамасыз етеді.

6. Қағидалар шеңберінде алынған ақпаратқа рұқсаты бар адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде де, сол сияқты оларды орындап болғаннан кейін де, мұндай ақпаратты таратуға құқылы емес.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес дербес деректерді жинау және өңдеу деректер субъектісінің немесе оның заңды өкілінің келісімі болған жағдайда, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен деректердің иесі және (немесе) операторы, сондай-ақ үшінші тұлғалар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 179/НҚ бұйрығымен бекітілген Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидаларының 7-тармағының екінші бөлігінің 7) тармақшасына сәйкес:

Қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді өңдеу кезінде меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға:

7) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді өзге тұлғаларға қорғалған байланыс арналары бойынша және (немесе) шифрлауды қолдана отырып және дербес деректер субъектісінің келісімі болған кезде беруді қамтамасыз етеді.

7. Қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді сақтау және беру «Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары. Жалпы техникалық талаптар» ҚР СТ 1073-2007 Қазақстан Республикасының стандартына сәйкес қауіпсіздіктің үшінші деңгейінен төмен емес параметрлері бар ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Ақпараттық жүйелердің интеграциясының техникалық ақаулары кезінде дербес деректерді беру шифрлау қолданылып алмалы-салмалы ақпарат жеткізгіш арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте келесі ұйымдық-құқықтық шаралар қамтамасыз етіледі:

- 1) Құпиялылық және ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасалады;
- 2) Мәліметтерді беру жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспары әзірленеді;
- 3) Қолжетімділікті шектеу актісі жасалады;
- 4) Беру фактісі Қабылдау-тапсыру актісінде тіркеледі;
- 5) Дербес деректерді өңдеу мақсаттарына қол жеткізілгеннен кейін олар жойылады, бұл туралы тиісті акт жасалады.

8. Мақсаттарға қол жеткізілгеннен және практикалық қажеттілік жоғалғаннан кейін алынған ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуға тиіс.

Өндірушілердің
(импорттаушылардың) кеңейтілген
міндеттемелері қолданылатын
өздігінен жүретін ауыл
шаруашылығы техникасы туралы
мәліметтерді ұсыну бойынша
Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігінің
Қазақстан Республикасы Экология
және табиғи ресурстар
министрлігімен және
өндірушілердің
(импорттаушылардың) кеңейтілген
міндеттемелері операторымен өзара
іс-қимыл жасау қағидаларына
Қосымша

**Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы және
оның иесі туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі ұсынатын мәліметтер тізбесі**

Наименование информации	Наименование графы ГРСТ, где содержится информация
VIN-код және (немесе) зауыттық нөмірі	factory_number
Қозғалтқыш нөмірі	engine_number
Техникалық төлқұжат сериясы	tp_series
Техникалық паспорт нөмірі	tp_number
МТНБ	gn_number
Маркасы	mark
Моделі	model_name
Өндіруші ел	country_source
Өндіруші зауыт	factory_source
Шығарылған жылы	graduation_year
Қозғалтқыштың номиналды қуаты	power ts
Өлшем бірлігі	unit name
Аймақ	region
Аудан	district
Ауылдық округі	rural_district
Елді мекен	Settlement

Түрі	type_name
Түрі	view_name
Айрықша белгілер	Marks
Тіркеу күні	register_date
Тіркеуден шығарылғын күні	m.ur_date
Тіркеуден шығарылды	unreg
Тіркеуден шығарылған себебі	machinery_ur_cause
Қамауға алынды	arrest
Агент түрі	agent_type
БСН/ЖСН	agent_ibin
Атауы	agent_name
Аты	agent_first_name
Тегі	agent_last_name
Әкесінің аты	agent_patronymic
Тіркеу орны	is issued by document
Агент рөлі	agent_role
Орналасқан жері	location_te
Байланыс телефон	mobile_phone
Электрондық поштасы	agent_email

Ескертпе: қысқартулар мен аббревиатураларды ашып жазу:
 АТМТ - ауылшаруашылық техникаларын мемлекеттік тіркеу;
 МТНБ – мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі;
 БСН/ЖСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі / жеке сәйкестен



г. Астана
«27» ноября 2025 года
№ 438

г. Астана
«24» ноября 2025 года
№ 316

АО «Жасыл даму»

г. Астана
«28» ноября 2025 года
№ 198-КЕ/К

СОВМЕСТНЫЙ ПРИКАЗ

Об утверждении Правил взаимодействия Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан с Министерством экологии и природных ресурсов Республики Казахстан и оператором расширенных обязательств производителей (импортеров) по предоставлению сведений о самоходной сельскохозяйственной технике, на которую распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров)

В соответствии с пунктом 41-2 главы 7 Правил реализации расширенных обязательств производителей (импортеров), утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 октября 2021 года № 763, **ПРИКАЗЫВАЕМ:**

1. Утвердить прилагаемые Правила взаимодействия Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан с Министерством экологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее – уполномоченный орган в области охраны окружающей среды) и оператором расширенных обязательств производителей (импортеров) по предоставлению сведений о самоходной сельскохозяйственной технике, на которую распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров), в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

2. Министерству сельского хозяйства Республики Казахстан совместно с уполномоченным органом в области охраны окружающей среды и оператором расширенных обязательств производителей (импортеров) реализовать проект по интеграции подсистемы «Государственная регистрация сельскохозяйственной техники» (ГРСТ) в информационной системе «Единая автоматизированная система управления отраслями агропромышленного комплекса «E-agriculture» (ЕАСУ) с автоматизированной информационной системой «Учет поступлений утилизационных платежей» (app.recycle.kz).

3. Министерству сельского хозяйства Республики Казахстан, уполномоченному органу в области охраны окружающей среды и оператору расширенных обязательств производителей (импортеров), в установленном законодательством порядке, обеспечить размещение настоящего приказа на интернет-ресурсах, после его официального опубликования.

4. Контроль за исполнением настоящего совместного приказа возложить на курирующих вице-министров сельского хозяйства и экологии и природных ресурсов и председателя Правления оператора расширенных обязательств производителей (импортеров).

5. Настоящий совместный приказ вступает в силу со дня подписания его последним из руководителей, указанных в пункте 4 настоящего совместного приказа.

**И.о. Министра
экологии и природных ресурсов
Республики Казахстан**



Ж. Алиев

**И.о. Министра
сельского хозяйства
Республики Казахстан**



А. Султанов

**Председатель Правления
АО «Жасыл даму»**



Е. Сәрсенбай



Приложение
к совместному приказу

Утверждены
Совместным приказом
и.о. министра
сельского хозяйства
Республики Казахстан
от «27» ноября 2025 года № 438
и.о. министра
экологии и природных ресурсов
Республики Казахстан
от «24» ноября 2025 года № 316
и
Председателя правления
АО «Жасыл даму»
от «28» ноября 2025 года № 198-н/к

Правила взаимодействия Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан с Министерством экологии и природных ресурсов Республики Казахстан и оператором расширенных обязательств производителей (импортеров) по предоставлению сведений о самоходной сельскохозяйственной техники, на которую распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров).

Глава 1. Общие положения

1. Настоящие Правила взаимодействия Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан (далее - МСХ) с Министерством экологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее – уполномоченный орган в области охраны окружающей среды) и оператором расширенных обязательств производителей (импортеров) по предоставлению сведений о самоходной сельскохозяйственной техники, на которую распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров) (далее – Правила) устанавливают порядок взаимодействия по предоставлению МСХ сведений в разрезе каждой единицы самоходной сельскохозяйственной техники, на которую распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров) и прошедшей первичную (государственную) регистрацию, в соответствии с пунктами 41-2, 42-2 главы 7 Правил реализации расширенных обязательств производителей (импортеров), утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 октября 2021 года № 763.

2. Сведения предоставляются в соответствии с перечнем согласно приложению к настоящим Правилам.

Глава 2. Порядок взаимодействия по предоставлению сведений

3. Взаимодействие по предоставлению сведений осуществляется путем интеграции объектов информатизации в соответствии со статьей 38 Закона Республики Казахстан «Об информатизации» через внешний шлюз «электронного правительства» (ВШЭП).

Интеграция производится в соответствии с методами, описанными в рамках Соглашения по интеграции на платформе Smart Bridge, подписанного электронной цифровой подписью взаимодействующих государственных органов и оператора расширенных обязательств производителей (импортеров).

4. МСХ обеспечивает передачу сведений сотрудникам оператора расширенных обязательств производителей (импортеров), осуществляющих контроль за правильностью исчисления, полнотой и своевременностью перечисления производителями, импортерами утилизационного платежа за самоходную сельскохозяйственную технику, на которую распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров) на постоянной основе, в режиме реального времени.

Передача сведений производится в соответствии со статьей 43 Закона Республики Казахстан «Об информатизации», а также, в соответствии с требованиями Закона Республики Казахстан «О персональных данных и их защите», Единых требований в области информационно-коммуникационных технологий и обеспечения информационной безопасности, утвержденных Постановлением Правительства Республики Казахстан от 20 декабря 2016 года № 832, Правилами осуществления собственником и (или) оператором, а также третьим лицом мер по защите персональных данных, утвержденных приказом Министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан от 12 июня 2023 года № 179/НК.

Глава 3. Обеспечение конфиденциальности и достоверности предоставляемых сведений

5. Уполномоченный орган в области охраны окружающей среды и сотрудники подведомственных организаций уполномоченного органа в области охраны окружающей среды, осуществляющих контроль за правильностью исчисления, полнотой и своевременностью перечисления производителями (импортерами) утилизационного платежа за самоходную сельскохозяйственную технику, на которую распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров), обеспечивают использование полученных

сведений в рамках Правил, исключительно, для выполнения задач и осуществления функций, возложенных Экологическим кодексом Республики Казахстан.

6. Лица, имеющие доступ к информации, полученной в рамках Правил, не вправе распространять такую информацию как в период исполнения ими своих обязанностей, так и после завершения их выполнения, в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Согласно пункта 1 статьи 7 Закона Республики Казахстан «О персональных данных и их защите» сбор и обработка персональных данных могут осуществляться собственником и (или) оператором, а также третьими лицами при наличии согласия субъекта данных или его законного представителя, в порядке, установленном уполномоченным органом.

В соответствии с пп.7) части второй п.7 Правил осуществления собственником и (или) оператором, а также третьим лицом мер по защите персональных данных, утвержденных приказом Министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан от 12 июня 2023 года № 179/НК:

Собственник и (или) оператор, а также третье лицо при обработке персональных данных ограниченного доступа:

7) обеспечивают передачу персональных данных ограниченного доступа иным лицам по защищенным каналам связи и (или) с применением шифрования и при наличии согласия субъекта персональных данных, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан.

7. Хранение и передача персональных данных ограниченного доступа осуществляются с использованием средств криптографической защиты информации, имеющих параметры не ниже третьего уровня безопасности согласно стандарту Республики Казахстан СТ РК 1073-2007 «Средства криптографической защиты информации. Общие технические требования».

При технических сбоях интеграции информационных систем передача персональных данных осуществляется посредством съемного носителя информации с применением шифрования. При этом обеспечиваются организационно-правовые меры:

- 1) заключается Соглашение о конфиденциальности и неразглашении информации;
- 2) составляется совместный План мероприятий по передаче сведений;
- 3) составляется Акт разграничения доступа;
- 4) факт передачи фиксируется Актом приема-передачи;
- 5) после достижения целей обработки персональных данных, они подлежат уничтожению, о чем также составляется соответствующий Акт.

8. После достижения целей и утраты практической необходимости, полученная информация подлежит уничтожению в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Приложение
к Правилам взаимодействия
Министерства сельского хозяйства
Республики Казахстан с
Министерством экологии и
природных ресурсов Республики
Казахстан и оператором
расширенных обязательств
производителей (импортеров) по
предоставлению сведений о
самоходной сельскохозяйственной
техники, на которую
распространяются расширенные
обязательства производителей
(импортеров)

**Перечень сведений
предоставляемых Министерством сельского хозяйства Республики
Казахстан о самоходной сельскохозяйственной техники, на которую
распространяются расширенные обязательства производителей
(импортеров)**

Наименование информации	Наименование графы ГРСТ, где содержится информация
VIN-код и (или) заводской номер	factory_number
Номер двигателя	engine_number
Серия техпаспорта	tp_series
Номер техпаспорта	tp_number
ГРНЗ	gn_number
Марка	mark
Модель	model_name
Страна-изготовитель	country_source
Завод-изготовитель	factory_source
Год выпуска	graduation_year
Номинальная мощность двигателя	power_ts
Единица измерения	unit_name
Регион	region
Район	district
Сельский округ	rural_district
Населённый пункт	settlement

Тип	type_name
Вид	view_name
Особые отметки	marks
Дата регистрации	register_date
Дата снятия с регистрации	m.ur_date
Снят с регистрации	unreg
Причина снятия с регистрации	machinery_ur_cause
Арестована	arrest
Тип агента	agent_type
БИН/ИИН	agent_ibin
Наименование	agent_name
Имя	agent_first_name
Фамилия	agent_last_name
Отечество	agent_patronymic
Место регистрации	is issued by document
Роль агента	agent_role
Место нахождения	location_te
Контактный телефон	mobile_phone
Электронная почта	agent_email

Примечание: расшифровка сокращений и аббревиатур:

ГРСТ - государственная регистрация сельскохозяйственной техники;

ГРНЗ - государственный регистрационный номерной знак;

БИН/ИИН - бизнес-идентификационный номер / индивидуальный идентификационный номер.